

Сотик ауданының білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай - бақшасы
мемлекеттік коммуналдық қатыналық кәсіпорыны

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес

2023 - 2024 оқу жылы

Созак ауданы адами элеуетті дамыту бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай
-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Бұйрық № 45

Сытпан ауылы

22 қазан 2021 жыл

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплеанс қызметіне жауапты
тұлғаны тағайындау туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР 20215 жылғы
8 қарашадағы № 410-V Заңының 16-бабының 3 – тармағы, 2020 жылғы
6 қазандағы № 365- VI «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық
актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының
заңын орындлау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН.**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметінің функциялары
қосымша штат бірлігін ұсынбай, әдіскер Жылысбаева Рия
Мырзахметқызына жүктелсін.
2. Квaziмемлекеттік сектор субъектілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплеанс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік
ұсынымдарға сәйкес лауазымдық нұсқаулығына өзгерістер мен
толықтырулар енгізілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуына басшылық жасауды өзіме қалдырамын.

Балабақша меңгерушісі:  Жанибекова.Г

Келіскендігі туралы белгі:





Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметіне жауапты тұлғаның лауазымдық нұсқаулығы

Лауазымдық міндеттері:

«Педагог мәртебесі туралы» Заңның 13-бабы 1-тармағының 10-тармақшасына сәйкес құқық қорғау органдарына және жоғары тұрған басшылыққа көмелетке толмағандардың қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар, оның ішінде білім беру ұйымынан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған құқыққа қарсы әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасау фактілері туралы дереу хабарлайды.

ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексіне сәйкес білім беру ұйымдарында миссионерлік қызметті заңсыз жүзеге асырғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі қызметкерінің функционалдық міндеттерін, құқықтар мен жауапкершілігін оның лауазымдық нұсқаулығында не қызметкердің қызметтік құқықтар мен міндеттерін айқындайтын өзге де құжаттарда айқындаған жөн.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметіне мынадай функциялар жүктелсін:

1. Квазимемлекеттік сектор субъектінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және өзектендіру;
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс – шараларын жүргізу бойы табылады;
4. Мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингілеу және реттеу бойынша шаралар қабылдау;
5. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар санатына жататын білім беру ұйымдары қызметкерлерінің заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауы турғысынан мониторинг жүргізу;
6. Корпоративтік этикалық құжаталықтарды дамыту;
7. Білім беру ұйымы қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай – ақ корпоративтік Әдеп кодексін (болған жағдайда) сақтауын бақылау;
8. Сыбайлас жемқорлық төуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жария ашуды қамтамасыз ету;
9. Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу немесе оларға қатысу;
10. Квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық төуекелдерін төмендету жөніндегі жұмысты үйлестіру;

11. Кәзімемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл жөніндегі уәкілетті органға жәрдем көрсету;
12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерді мониторингілеу және талдау;
13. Кәзімемлекеттік сектор субъектісі жасасатын азаматтық – құқықтық шарттарға, оның ішінде сатып алу тураты шарттарға шарттарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, іскерлік этика мен парасаттылықтың нормаларын, адал бәсекеlestік қиындытарын міндетті сақтауын көздейтін ережелерді енгізуді қамтамасыз ету.

Нұсқаулықпен таныстым:

06.10.2027

Мұхитбай

Аман

(сүйі)

(аты - жаны)

(сүйі)



**«Балдәурен» бөбекжай - бақшысының 2023 - 2024 оқу жылына арналған
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жылдық жоспары**

Мақсаты: білім беру ұйымы жұмыскерлердің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» ҚР Заңын сақтауын қамтамасыз ету, жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру.

Тапсырмалар:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеуші талаптардың және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;
2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» ҚР Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;
3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалауды жүзеге асыру;

Принциптері:

1. МДҰ басшылығының сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мұдделілігі;
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәуекелдердің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттер мен ресурстардың жеткіліктілігі;
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – қызмет қызметінің ақпараттық ашықтығы;
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі, жоспар қызімемлекеттік сектор субъектілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленді;

№	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
1	«Пара алу құрдымға бастар жол» бөбекжай қызметкерлеріне кеңес.	Қыркүйек	Менгеруші Жанибекова Г
2	«Жемқорлық индет - жою міндеті» бөбекжай - балабақша ұжымы арасында дөңгелек үстел	Қазан	Кәсіподақ төрайымы Мусәева Н
3	«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» ата – аналарға кеңес беру	Қараша	Өдіскер Жылтысбаева Р

4	«Жемқорлық-ғасыр дерті» педагогтар арасында кеңес	Желтоқсан	Тәрбиеші Ганиева Б
3	«Мемлекеттік қызметтегі этикалық бақылау-сыбайлас жемқорлықтың алдын алу негізі» педагогтар арасында пікір талас	Ақпан	Тәрбиеші Бидаулетова П
6	«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ ел» Өркендеуші ел» тақырыбында ата аналар мен кеңес	Наурыз	Әдіскер Жылысбаева Р
6	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес комитетінің төрағасы, кәсіподақ комитеті төрайымының жемқорлыққа қарсы жүргізілген іс-шараларының қорытынды жиналысы	Сәуір	Менгерушісі Жантөбекова Г
7	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген іс-шараның жылдық қорытынды есебін беру	Маңыр	Әдіскері Жылысбаева Р

Түзген: әдіскер:  Жылысбаева Р

Сотық ауданының білім бөлімінің «Балдаурен» бөбекжай - бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны -

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жиналысының
№ 1 хаттамасы**

Сыған ауылы

16.11.2023 жыл

Қатысқандар: бөбекжай - бақша ұжымы

Күн тәртібіне:

1. «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» - тақырыбында қызметкерлер арасындағы түсіндірме жұмыстары.

Тыңдалды: Бөбекжай - бақшасының әдіскері Р. Жылысбаева «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында қызметкерлердің қатысуымен өткізілген жиналыста баяндамасын оқыды. Ол жет-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылатынын түсіндірді. Сондықтан, сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керектігін айтты. Сыбайлас жемқорлық – қазіргі қоғамда белең алған ең жағымсыз қоғамдық көріністердің бірі. Адамдардың жемқорлыққа жол бергенін көргенде барды қанағат тұтпайтын қанағатсыздығы көзге бірден көрінеді. Әсіресе, мемлекеттік қызметкерлер жұмысындағы ашықтық бүкіл мемлекеттік қызметкерлердің абырой-беделіне оңды әсерін тигізеді. Ал егер, қолы кірленген жағдайда мемлекеттік қызметшілердің мансабына нұқсан келері сөзсіз. Сондықтан, мен бұл мәселемен күресу керек деп ой түйемін.

Тыңдалды: Келесі сөз кезегін бөбекжай – бақшасының кәсіподақ тәртібі Н. Мусаева алды - қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға үндеп, құқық бұзушыларға немесе сыбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттерге жол бермеуіміз тиіс деп қадап айтты. Сонымен қатар, жұмыс барысында еңбек тәртібін біржылдай сақтауға, өзінің қызметтік міндеттерін адал, туралықпен және сапалы атқаруға жұмыс уақытын тиімді қолдану керектігін айтып, қызметкерлерге сенім тапсырған мемлекеттік мүлікке ұқыпты қарап, оны ұтымды әрі тиімді пайдалану керектігін ескертті.

Тыңдалды: Келесі сөз кезегі тәрбиеші П. Бидиулетоваға берілді.

Қазір кейбір мекемелерде сыбайлас жемқорлыққа жол берушілер қатары әлі де босап аямай тұр. Кейде бір маңызды құжаттарды реттеу үшін құзырлы бір мекемеге бас сұға қалсаң, кейбір мемлекеттік қызметшілердің тыйым салынған жолмен қосымша пайда табуды көздегінін көре аламыз. Өйтпеген жағдайда жылдам шешілетін мәселенің соны құйымшиқталып, әріге созылуы да мүмкін. Сол себептен де, қоғам үшін өрнексіз көрінісін осындай жағымсыз көріністердің алдын алу үшін бөбекжай-балабақша қызметкерлері бала кезінен бастап бүлдіршіндердің бойына жақсы қасиеттерді сіңіре білуі тиіс. Біз де өз тарапымыздан жемқорлықтың орын алуына жол бермейміз.

Көпшілік жиналысты қорытындылай келе Қаулы етті:

1. Бөбекжай - бақша қызметкерлерінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы» Заңының талаптарын өз жұмысында тұрақты түрде ұстануы бақылауға алынсын.
2. Жоғарыда айтылған ұсыныстар мен пікірлер назарға алынсын.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:

Жанибекова Г
Музафарова Қ



Сөзак ауданының білім бөлімінің «Балдзүрен» бөбекжай - бақшасы мемлекеттік коммуналдық қатыналыс кәсіпорны

«Пара алу құрамына бастар жол» бөбекжай қызметкерлеріне кеңес.

Балабикша меңгерушісі Г. Жаннбекова 2023 жылдың 4 қыркүйек күні «Пара алу құрамына бастар жол» тақырыбында бөбекжай қызметкерлеріне кеңес берді. Ол өз сөзінде: сыбайлас жемқортықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керектігін айтты. Сыбайлас жемқорлық – кәсіргі қоғамда белен алған ең жағымсыз қоғамдық көріністердің бірі. Адамдардың жемқорлыққа жол бергенін көргенде барды қанағат тұтпайтын қанағатсыздығы көзге бірден көрінеді. Әсіресе, мемлекеттік қызметкерлер жұмысындағы янықтық бүкіл мемлекеттік қызметкерлердің абырой - беделіне оңды әсерін тигізеді. Ал егер, қолы кірленген жағдайда мемлекеттік қызметшілердің мавсабына жүрқан келері сөзсіз. Сондықтан, мен бұл мәселемен күресу керек деп ой түйемін,- деп балабикша қызметкерлеріне ой салды.

Иә паракорлық, сыбайлас жемқорлық жайлыған елде әділетсіздік, имансыздық, қығаныш қаулап тамыр жаады. Осының кесірінен, басшы мен қызметшінің және өзге де адамдар арасында шынайы рухани достық жоғалып, уақытша жалған жықындық пайда болатыны айтылып, педагогтар ой бөлісті. Паракорлықтың нәтижесінде, уақыт өте олар бір-біріне сенімсіздік білдіріп, сатқындық жасап, аққадаттан адасып, қоғамда тыныштық бұзылғаны, пара алған адам жеңіл жолмен келген ақшаны қайта -қайта тапқысы келетіні туралы бейшабаны көрсетілді. Абай атамыз айтқандай қазақтың қыяқтан басқа жауы жоқ. Пара алушы да беруші де қазақ залқы (қазақстандық халық). Пара бір адамнан өз ісінің алға басуы үшін басқасына берілген заңсыз ақша немесе пайда. Бірақ сол пайдадан еш пайда болмайтынын ұғатынын жеткізген ұстаздар, өмір жолдарында паракорлықты көзделтірмегенін айтып үлгерді. Жүздеген жылдар бойы қалыптасып, жетілдіріліп, дамытылып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен «Қасым ханның қасқа жолы», «Есін ханның ескі жолы», «Жеті жарғы» Қазақстан Республикасының Конституциясымен сабықтасып жатқандай. Сол үшін де оны арақтап, құрметтеу – баршамыздың парызымыз. Сонымен қатар, жұмыс барысында еңбек тәртібін бұзжытпай сақтауға, өзінің қызметтік міндеттерін адал, туралықпен және сапалы атқаруға жұмыс уақытын тиімді қолдану керектігін айтып, қызметкерлерге сеніп тапсырған мемлекеттік мүлікке ұқыпты қарап, оны ұтымды әрі тиімді пайдалану керектігін ескертті.

Қорыта келе: сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – юмыл туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадғы № 410-V Заңын үнемі назарда ұстау қажет.

Балабикша меңгерушісі:



Жаннбекова Г

Саяхат ауданының білім бөлімінің «Балдаурен» бөбекжай - бақшасы мемлекеттік коммуналдық қаржылық кәсіпорны

«Жемқорлық індет - жою міндет» тақырыбында бөбекжай - балабақша ұжымы арасында дөңгелек үстел

Балабақшаның кісіподақ ұйымының төрайымы Н. Мусәева 2023 жылдың 12 қазанда «Жемқорлық індет - жою міндет» тақырыбында ұжым арасында дөңгелек үстел өткізді.

Дөңгелек үстелдің мақсаты:

Қоғамның әртүрлі орталарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу, профилактикалық жұмыстарын насихаттау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат беру, білімдерін дағдыландыру; саяси өмірден хабардар және тұлғаны қалыптастыра отырып, шәкірттердің еркін сөйлеуіне, қоғамға деген өз ой - пікірлерімен санасуға жағдай жасау, ҚР-на адал қызмет етуге, Ата заңды құрметтеуге, адыгершілікке тәрбиелеу.

Дөңгелек үстелдің көрнекілігі: Тақырыптық слайд, бейнеролик.

Дөңгелек үстелдің өту әдісі: піралмасу, сөздік

Дөңгелек үстелдің барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

- 1) мақсатын айту
- 2) қатысушылармен таныстыру
1. Балабақша әкімшілігі
2. Сызған ауылдық округі инспекторы
3. Балабақша ұжымы

II. Негізгі бөлім

Баяндамалар тыңдау:

- A. «Сыбайлас жемқорлық» - деген не?
- Б. Жемқорлықтың пайда болуымен күресу.
- В. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңнамалары
- С. Қазақстандағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» шаралары мен әдістері.

«Сыбайлас жемқорлық» - деген түсінік мағынасына этимологиялық тұрғысында қарау, мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «compartio» деген латын сөзін алып, анықтауға, пара сатып алу» - деген түсінік бергенде а қарсы іс – әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас – жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипатталады. Қоғамдағы лауазымдық өкілеттілікті асыра пайдалануды, билік етуді немесе лауазымдық өкілеттілікті арттыру, қызметтік жалғандық, сенім тапсырылған мүліктерді ұрлау және иелену, біле тұра өтірік айғак көрсетуді, куәларды, жәбірленушілерді немесе сарапшыларды сатып алу, сот шешімдерін, үкімдерін және басқаларды лауазымдық тұлғалардың орындамауы, сыбайласқан байланыстарды қолдау жиі кездесетінін көрсетіп отыр. Қарапайым түсінік бойынша бөрінен бұрын сыбайлас жемқорлықты мемлекеттік қызметпен байланыстырады. Бар беталысқа қарамастан және басқа салада – үкімет билігі және жеке кәсіпкерлердің әкімшілігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы таратуда – мемлекеттік лауазымдық тұлғалар арасында сыбайлас жемқорлықпен күресуге бағытталған заң аса етжей – тегжейлі әзірленген. Шынында да мемлекеттік қызметшілер анықталым ауқымды дискрециялық өкілеттілікті иелене және көбінде бақылаусыз әрекет ете отырып, өз мүдделерінде және мемлекеттік мүддесіне қарамастан лауазымдық маңсаттығын қолданудың барлық мүмкіндігін иелене алады.

ҚР «Сыбайлас – жемқорлықпен күрес туралы» заңы сыбайлас – жемқорлыққа желесілдей анықтама береді. Ол: «...мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай – ақ соларға

теналтқан адамдар, тікелей өті немесе деддал арқылы өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүлдіктік пайда алу үшін заңмен қарастырылмаған мүлдіктік жайлылықты және артықшылықты қабылдау, сондай – ақ жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлылықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу». Сыбайлас жемқорлықпен күрестің негізгі қағидаларын сақтау және жүзеге асыру сыбайлас – жемқорлықпен күресте өте маңызды. Сонымен қатар «Сыбайлас жемқорлықпен» пайда болуымен күресудің бірнеше әдістері ұсынылды:

Заңды қатайтын және оның орындалуын қатаң қадағалау, сол арқылы жазалау қаупін күшейту.

Лауазымды адамдарға ерекшелер мен заңдарды бұзбай өздерінің кірістерін көбейтуге мүмкіндік беретін экономикалық механизмдерді тудызу.

Нарық пен бәсекелестіктің ролін күшейту, сол арқылы сыбайлас жемқорлықтан түсетін ықтимал пайданың көлемін азайту.

Қазақстанда сондай – ақ сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық, тәртіп, әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы нормативтік – құқықтық актілер де қабылданды. Оларға «Мемлекет қызмет туралы» (1995) және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (1998) ҚР заңдары жатады.

IV. Жағдаптарды шешу, талдау

1. Қала ішіндегі автобустардың кейбіреулері теңдер ұтып алады да, қала ішінде жолаушыларды тасымалдау барысында көптеген қателіктер жасап жатады. Мысалға автобуска адамдарды санынан артық отырғызу, аялдамақы жоқ жерлерде тоқтатып, адамдарды үсті - үстіне алу жемқорлыққа жата ма? (шофер, басқарушы директор, жоңагер арасындағы сыбайластық жемқорлықты көрсету)

2. Компьютер ойынуға ақша таба алмай отырған Ерлан мен Марат біріз ақалдысады. Ерланның есіне асханада ақша мийдалатқан Қайрат түседі. Сол Қайратты қорқытып, ақшасын тартып алу керектігін Маратқа айтады. Сол мезетте келе жатқан Қайратты Марат алдап шақырады. Ойында арам ойы жоқ Қайратты Ерлан келіп бас салып, ақша тауып беруін талап етеді. Алғашқыда ойын екен деп ойлаған ол ақшасының жоқ екендігін айтса да, сонынан бұл істің қалжың емес екендігін ұғып, қалтасындағы бар ақшасын бере салады. Аман - есен құтылғанын қуанған ол анасына айтатындығын ескертеді. Ерлан мен Марат егер бұл істі біреуге айтсаң, онда жақсылық болмайтындығын Қайратқа жақсылап ұғындырады.

Сұрақтар:

1. Осы көріністе баланың қандай құқығы шектелген?
2. Ерлан мен Марат қандай қылмыс жасады?
3. Ерлан мен Мараттың қылмыс жасауына не себеп болды?

3. Нұрлан 5 - сыныпта оқиды. Нұрланның білім алуға деген талабы жақсы. Оқыса жақсы оқитын оқушылар қатарынан орын аларлық қабілеті бар. Бірақ ата - анасының тәрбиесі баланы жолдан тайдырады. Нұрланның ата - анасы бала тәрбиесіне жауапсыз қарайды. Баланы сабақтан себепсіз жөн қалдырады, кейде тіпті апталап келмей қалатын кездері де болады. Мектепте, сыныпта ата - аналарға байланысты өтетін жиындарға да келмейді. Сынып жетекшісі осы жағдайға байланысты Нұрланның үйіне барып, ата - анасымен бірнеше рет әңгіме жүргізгенімен еш нәтиже шықпайды. Ата - анасы құрғақ уаде беріп құр шығарып салады. Бірер күн өткен соң жанағы оқиға қайта қайталананды. Білім алу баланың басты міндеті екенін біле тұра оны орындауда әке - шешесі салғырттық танытады.

Сұрақтар:

1. Нұрланның ата - анасының қылығын қалай бағалайсыздар?
2. Сынып жетекшісінің орнында болсаңыз не істер едіңіз?
3. Ата - ананың бала алдындағы міндеттері қандай?

4. Педагогтерге мерекелерде гүл шоқтарын сыйлау жемқорлыққа жатады ма?
5. Емделіп болған науқас дәрігерге өзінің алғысын белгілі - бір сыйлықты (гүл, сәгат, портрет.....) сыйласа жемқорлыққа жатады ма?
6. Жоғарғы оқу орындарында білім алушылар, іс -шара кезінде педагогтерге үстел жасаса, бағалы сыйлық әперсе, жемқорлыққа жатады ма?
4. Шымкент қаласының тұрғыны Төрекулов «Негов куалары» деген дін сектаға қатыса бастады. Арала бірәз уақыт өткенде оған 12 жастығы ұлы Фархатты да тартты. Төрекуловтың әйелі бастапқы бұған оңша мән бермесе де, бірақ күйеуі Фархатқа бірнеше сағат намаз оқытып, дін әдебиеттері оқуға күштегенде нағасыздана бастады. Әйелінің бұл жөніндегі ренішінен тиісті нәтиже шықпайды.Төрекулов бір айдай кейін мектепті аяпсыздық пайда бермейді деген желеу етіп ұлын мектепке жібермей қойды. Баласының тағдырына алаң болған Төрекулова заңгердің көмегіне жүгінді.
- Сұрақтар: Әкесі Фархаттың қандай құқығын бұзып отыр? Некелік отбасылық заңда ата-аналардың өз балаларының құқықтарын бұзғаны үшін оларды жауапкершілікке тарту көзделген бе?

V.Қорытынды

Қоғам дамуының жаңа жолын таңдап, уақыттан тумындаған әр түрлі кеселдермен айығуды міндет етіп қойдық. Ол жол-Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастауымен алға қойылған сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы. Әрине, біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Құрметті, педагогтер, әрқашан да адамдық жақсы қасиеттерді сақтап, мақсатты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншіліктеріңмен жетуге тырысыңдар. Адамға өмір бір-ақ рет беріледі. Сол өмірді әр жылы жарық күнде, бейбіт өмірде өткізу бәріміздің міндетіміз!

Балабақшаның кәсіподақ комитетінің төрайымы:



Мусасена Н

Сөзасқ ауданының білім бөлімінің «Балдаурен» бөбекжай - бақшасы мемлекеттік коммуналдық қатыналық кәсіпорны

«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында ата – аналарға кеңес беру

Балабақша әдіскері Р. Жылысбаева 2023 жылдың 16 қарашада «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында ата – аналарға кеңес берді.

Ата – аналарға бейне ролик слайд көрсетті. Әр суретке жеке – жеке талдама жасады.

Ата – аналардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұсыныс – пікірлерін тыңдады.

Ата – ана Д. Мейрамбек өз ұсынысын айтты. Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп - өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекезестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық паракорлық дертімен жиі бетпе - бет келеді. Сондықтан, көз келген ортада пара беру мен пара алудың жолық кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет, - деп сөзін аяқтады.

Әдіскер Р. Жылысбаева ата – аналарға кеңес берді. Паракорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың жергілікті өзін - өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттілігі шегінде кадр, бақылау, тәңгерлік және өтге де қызметтерін тарты отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басымның қамын ойлауы да паракорлықтың деңдеуіне себепті тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасымыздағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне катер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке болып атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз - шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір - қасиетін құрметтеуге міндетті. «Өлімдік жоқ жерде пара белен алады», «Дүние- байлық неге керек, денсаулығың болмаса, Төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз сот саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес. Шыныда да, біз әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз. Өткен жылдардағы Елбасы жолдауында: «Заңды бұзған екенсің, оның баптарына сәйкес жауапқа тартыласың» дейтін нақты ереже бар. Олай болмаған күнде біз кенестік кездесі «оң қалай бұрсаң, солдай бұралаатын тәртенін» көріп қайталайтын оламыз», - деп атап көрсеткен. Ендеше, жемқорлықты жоюды мақсат еткен сот жүйесі де жолдауда берілген

тапсырмалардың орындығына айналып, тапсырмалардың талапқа сай орындалуына мүдделілік танытуды міндеті санайды, - деп пікірін аяқтады.

Әкімгері: 

Жылысбаева Р

Сөзас ауданының білім бөлімінің «Балдаурен» бөбекжай - бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

«Жемқорлық – ғасыр дерті» тақырыбында педагогтерге кеңес беру

Балабақша тәрбиешісі Б. Ганиева 2023 жылдың 12 желтоқсанда балабақша педагогтарына «Жемқорлық – ғасыр дерті» тақырыбында педагогтерге кеңес берді.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес, ең алдымен, азаматтардың бұл заң бұзушылық қатынастарға қатысқысы келмеуінен көрінуі керек. Сол себепті сыбайлас жемқорлықтың құрбаны болмау үшін, сондай - ақ заң бойынша қатымыс жасау жолына түспеу үшін сыбайлас жемқорлықпен қалай күресуге болатынын нақты түсіну қажет. Жылына барысында Б. Ганиева педагогтерді әлемнің басқа мемлекеттері мен Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықпен күрес әдістерімен таныстырады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - шараларды тек қана заңнамалық әдістермен және оның көріністерімен күреспен шектеуге болмайды, оған себеп болатын жағдайларды жою алдында тиімдірек. Сыбайлас жемқорлықты алдын алу шараларын әзірлеу саласында жоғары білім жүйесіне студенттердің сыбайлас жемқорлыққа деген қарсы ұстанымдарын дамытуға бағытталған стандарттарды енгізу негізді болады.

ҚР «Сыбайлас - жемқорлықпен күрес туралы» Заңы сыбайлас - жемқорлыққа анықтама береді. Ол: "...мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай - ақ оларға теңестірілген адамдар, өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүлдістік пайда алу үшін заңмен қарастырылмаған мүлдістік жайлылықты және артықшылықты қабылдау, сондай - ақ жеке және заңды тұлғалармен италымыш жайлылықты және артықшылықты оларға жасып беруге осы адамдарды парамен сатып алу".

«Сұрақ-жауап» ойыны:

1. Пара беру дегеніміз не?
2. Пара мен сыйлықтың айырмашылығы қандай?
3. Сыбайлас жемқорлық дегенімізді қалай түсінесіңдер?
4. Сыбайлас жемқорлық жайлы мәліметтерді қайдан білесіңдер?

Түсіндірме беру:

Қазақстан Республикасының № 267 «Сыбайлас жемқорлыққа күрес туралы» Заңы 1998 жылы 2 шілдеде қабылданды. Бұл Заңның мақсаты - азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа да адамдардың сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілейді. Осы Заң сол сияқты демократиялық негіздерді, мемлекетті басқарудағы жариялылық пен бақылауды кеңейтуге талаптың мемлекет пен оның құрылымдарына деген сенім нығайтуға, білікті мамандарды мемлекеттік қызметке кіруге ынталандыруға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың ривсыз адалдығы үшін жағдайлар жасауға да бағытталған. Бұл заңның ерекшелігі сол, билік басымдағы лауазым иелерінің қызмет бабын жеке басының мақсаттарына пайдалануына, келенсіз әрекеттеріне тосқауыл қою болып отыр. Лауазым

несінің қыметтік міндетіне жатпайтын әрекеттер, мысалы, жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның, үшінші бір адамның пайдасына бағытталған іс-әрекеттер қылмыстық белгі құрамауы мүмкін. Сондай жағдайда келенсіз қылмыс әшкере болған лауазым иесі аталған заң негізінде жауап береді. Мемлекеттің мүддесіне, халықтың мемлекетке, заңдарымызға деген сеніміне нұқсан келтіретін лауазым иесінің теріс әрекеті жазасыз қалыуы керек. Басқару органдарындағы сыбайлас жемқорлық, қоғамдық өзекті мәселелер, осы әлеуметтік қауіпті құбылыспен күрес бірқатар мән-жайларға байланысты. Сыбайлас жемқорлық азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына әкеп соғады.

Аталған заңнан талаптарына сәйкес, барлық мемлекет қызметшілеріне және құқық қорғау органдары мен арнаулы қызметтердің лауазымды адамдарына кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, соның ішінде шаруашылық жүргізуші субъектілерді басқару органдарына, ақы төленетін қызметтер атқаруға тиым салынатыны көрсетілген. Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар үшін өз құзіреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуші органдар қажет болған жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жәрдемдесетін адамдардың жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Осы баптың ережелері көрінеу жалған ашарат хабарлаған осы Заңға сәйкес жауап беруге тиіс адамдарға қолданылмайды.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды және сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану мерзімдері:

1. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілетті адам немесе оған теңестірілген адам сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтар немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей белгіленеді және жазаны теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктіріп қолдануға болмайды.

2. Қылмыстық іс қозғалудан бас тартқан не қылмыстық істі қысқартқан жағдайда, бірақ мемлекеттік міндеттер атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның әрекеттерінде сыбайлас жемқорлық әкімшілік құқық бұзушылық немесе тәртіптік теріс қылық белгілері болған кезде жаза қылмыстық іс қозғалудан бас тарту не оны қысқарту туралы шешім қабылданған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей қолданылуы мүмкін.

Біздің ел - ТМД елдерінің ішіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы арнайы заң қабылдаған берінші және бірден-бір мемлекет. Мемлекеттік органдардың осы бағыттағы жұмыстарының нысандылығы мен тиімділігі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері Елбасының жеке бақылауында тұрғандығына негізделген. Сыбайлас жемқорлықтың өзекті мәселелері, оның пайда болуы, онымен күрес жүргізудің қылмыстық-құқықтық құралдары қызу пікір таластарын туғызу үстінде. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары сияқты қоғамға қауіпті іс-әрекеттер мемлекетіміздің басқару жүйесіндегі сәйкесті буындарды тұншықтырып, олардың қалыпты, заңды қызмет жасауына кедергі келтіреді. Ал, іс жүзінде бірқалыпты дұрыс қызмет атқаратын мемлекеттік органдардың қызметі ғана қоғамның экономикалық дамуына, оның мүшелерінің құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге қабілетті. Осыған орай мемлекеттік басқару жүйесін қорғау, оған қылмыстық қол сұғуды болдырмау ең маңызды мәселе болып табылады. Өйткені мемлекеттік аппарат қоғамды басқару жүйесінің қажеттілігі, басқару жүйесіндегі әр түрлі процестердің реттеушісі болып табылады. Жалпы сыбайлас жемқорлықпен күресу жеке адамдардың немесе жекедеген топтың ғана емес мемлекеттік органдардың, мемлекеттік қызметкерлердің, тұтастай қоғамның басты міндеті мен борышы. Осыны шынайы орындау үшін әрбір лауазым иесі өзінің жан-дүниесін ұдайы таза, адал ұстауы тиіс. Сонда ғана олар қарапайым халықтың сенімін ақтап, қоғамның тежеусіз дамуына үлес қосқан болар еді.

Тренинг: өздіктерінен жұмыс істеу

Әр топқа ситуациялық жағдайлар беріледі, педагогтер топ ішінде талқылап, сикналайды, сұрақтарға жауап береді. Әр топ бір-бірлерінің жауаптарын тыңдап, өз ойларын айтады.

1-ситуацияның титқсымдығы:

Компьютер ойнауға ақша таба алмай отырған Ерлан мен Марат біраз ақылдасады. Ерланның есіне асханада ақша майдалатын Қайрат түседі. Сол Қайратты қорқытып, ақшасын тартып алу керектігін Маратқа айтады. Сол мезетте кале жатқан Қайратты Марат алдап шақырады. Ойында арам ойы жоқ Қайратты Ерлан келіп бас салып, ақша тауып беруін талап етеді. Алғашқыда ойын екен деп ойлаған ол ақшасының жоқ екендігін айтса да, сонынан бұл істің қалжыан емес екендігін ұғып, қалтасындағы бар ақшасын бере салады. Анан - есен құтылғанына қуанған ол анасына айтатындығын ескертеді. Ерлан мен Марат егер бұл істі біреуге айтсаң, онда жақсылық болмайтындығын Қайратқа жақсылап ұғындырады.

Сұрақтар: 1. Осы көріністе баланың қандай құқығы шектелген?

2. Ерлан мен Марат қандай қылмыс жасады?

3. Ерлан мен Мараттың қылмыс жасауына не себеп болды?

2-ситуацияның титқсымдығы:

Нұрлан 5 - сыныпта оқиды. Нұрланның білім алуға деген талабы жақсы. Оқыса жақсы оқитын оқушылар қатарынан орын аларлық қабілеті бар. Бірақ ата - анасының тәрбиесі баланы жолдан тайдырады. Нұрланның ата - анасы бала тәрбиесіне жауапсыз қарайды. Баланы сабақтан себепсіз жол қалдырады, кейде тіпті апталап келмей қалатын кездері де болады. Мектепте, сыныпта ата - аналарға байланысты өтетін жолындарға да қалмейді. Сынып жетекшісі осы жағдайға байланысты Нұрланның үйіне барып, ата - анасымен бірнеше рет әңгіме жүргізгенімен еш нәтиже шықпайды. Ата - анасы құрғақ уәде беріп құр шығарып салады. Бірер күн өткен соң жолығы оқуға қайта қайталаанады. Білім алу баланың басты міндеті екенін біле тұра оны орындауда әме - шешесі салғырттық танытады.

Сұрақтар:

1. Нұрланның ата - анасының қытығын қалай бағалайсыздар?

2. Сынып жетекшісінің орнында болсаңыз не істер едіңіз?

3. Ата - ананың бала алдындағы міндеттері қандай?

Сұрақ-жауап:

1. Мұғалімге мерекелерде гүл шоқтарын сыйлау жемқорлыққа жатады ма?

2. Емделіп болған науқас дәрігерге өзінің алғысын белгілі - бір сыйлықты (гүл, сәгат, портрет.....) сыйласа жемқорлыққа жатады ма?

3. Жоғарғы оқу орындарында білім алушылар, емтихан уақытында оқытушыларына үстел жасаса, бағалы сыйлық әперсе, жемқорлыққа жатады ма?

4. Қала ішіндегі автобустардың кейбіреулері төндер ұтып алады да, қала ішінде жолаушыларды тасымалдау барысында көптеген қателіктер жасап жатады. Мысалға автобуска адамдарды сынынан артық отырғызу, аялдамасы жоқ жерлерде тоқтап, адамдарды үсті - үстіне алу жемқорлыққа жата ма? (шофер, басқарушы директор, инженер арасындағы сыбайластық жемқорлықты көрсету)

5. Назжорлық дамып бара жатыр, себебі шетелдерден әкеледі, кейбір кәдендер өз жұмыстарын жауапты орындамай, заң бұзушылыққа барады. Бұл жемқорлыққа жата ма?

Қорытынды: Сыбайлас-жұмақорлықтың қалай жеткені болды?

- Пара бермеу және алмау.
- Мәксаты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншілігімен жетуге тырыс.
Парақорлықты көрсеніз жергілікті органдарға және актиратқа хабар беріңіздер.

Тәрбиеші Б. Ганнєва педагогтерге адамгершілік, әділеттілік туралы мысал-мәтелдер айтқызыды.

1. Адамгершілік болмай,

Әділдік болмас.

2. Адамның ұғты бетінде,

Адамгершілігі ниетінде.

3. Адамгершілікке арналған үш сауал бар:

Шөлге құдық қазған бір сауап,

Өзенге көпір салған бір сауап,

Жолға ағаш еккен бір сауап.

4. Адалдық — ардың ісі.

5. Шындық жоқ жерде сұмдық көп.

6. Адамның әдемілігі шыншылдығында.

7. Ақиқат сөзде алауыздық жоқ.

8. Әділ айтқан жөн.

9. Әділдікке жығылмайтын адам жоқ.

10. Әкімнің әділ болмаса жұрт бұзылады.

Саудан әділ болмаса нарық бұзылады.

Құрметті педагогтер әрқашанда адамдық жақсы қасиеттерді сақтап, мәксаты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншіліктерімен жетуге тырысыңдар! - деп жанымы аяқтады.

Тәрбиеші:



Ганнєва Б

Сынақ аударманың білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай - бақшасы мемлекеттік коммуналдық қаржылық кәсіпорны -

«Мемлекеттік қызметтегі этикалық бақылау-сыбайлас жемқорлықтың алдын алу негізі» тақырыбында педагогтермен пікір алмасу

Балабақша тәрбиешісі П. Биләулетова 2024 жылдың 12 ақпанда «Мемлекеттік қызметтегі этикалық бақылау - сыбайлас жемқорлықтың алдын алу негізі» тақырыбында педагогтерге кеңес берді. Мемлекеттік қызметшілерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы және этикалық нормалар, мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың нормалары, өзекті өзгерістер мен мінез – құлық тәртібі түсіндірілді. Мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнама нормалары және Қазақстан Республикасының заңнамасының осы салаларында қабылданған өзгерістер туралы осы тақырып бойынша кейстерді қолдана отырып және кейстерлерді көрсете отырып құқықтық жаппай оқыту өткізілді. Мемлекеттік қызметшілерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы аянан сақтау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру қажеттілігі, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің нормаларын сақтау туралы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманың ережелерін түсіндіруге ерекше назар аударылды.

Балабақша тәрбиешісі А. Сейтқасимова сөз алды. Ол өз сөзінде: сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманың жаңалықтары, атап айтқанда «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 22 шілдесегі № 74 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы түсіндірді. Сондай-ақ олардың қызметін бақылау нәтижелері, сынақ мерзімі, аттестаттау қорытындылары, не теріс себептер бойынша бұрын жұмыстан шығарылған адамдарды қоспағанда, мемлекеттік қызметке қайта кіретін адамдар үшін сынақ мерзімінің күшіне жою туралы айтылды. Сынақ мерзімі кандидаттың лауазымдық міндеттерін атқару мүмкіндігін айқындау үшін белгіленеді. Бұдан басқа, лауазымды тұлғалардың Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан шетелдік банктарда шоттарды (салымдарды) ашуға, нәсілуге, қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтауға жол бермеу туралы норманы енгізу туралы айтылды. Мемлекеттік қызметшілердің әдептілігін күшейту мақсатында ауысу тәртібімен лауазымға орналасуға, сондай-ақ ішкі конкурстың қорытындылары бойынша мемлекеттік қызметшінің қызметтік әдеп нормаларын бұзғаны үшін алынбаған тәртіптік жазасы болған кезде шектеу енгізіледі.

Балабақша әдіскері Р. Жылысбаева қорытынды сөз алды. Өз қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлық қылмыс бұзушылықтары үшін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын қолданбағаны үшін басшылардың дербес жауапкершілігі туралы жаңалықтардың маңыздылығын атап өтті. Бұл норма «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына № 410-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасы бойынша енгізілгенін атап өту қажет. Мемлекет басшысы бағыныштылардың сыбайлас жемқорлығы үшін мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының отставкаға кету институтын енгізудің маңыздылығын атап өтті.

Бұдан былай мемлекеттік саяси қызметшілер өздерінің тікелей қарамағындағылар сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған жағдайда отставкаға кетуге міндетті.

«Заңнамаға енгізілген өзгерістерге сәйкес, бірінші басшы соттың айыптау үкімі күшіне енгеннен не оның тікелей бағыныстықсына қатысты ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық іс тоқтатылғаннан кейін күнтізбелік 10 күн ішінде отставкаға кетуге міндетті».

Сондай-ақ басшының ұжымдағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі өз міндетін жүйелі түрде елеугені үшін жауапкершілігі енгізілді, бұл өзін басқаратын мемлекеттік органда немесе бөлімшеле сыбайлас жемқорлық тұрғысынан қолайсыз жағдайға алып келеді, - деп қорытынды жасалды.

Тәрбиеші:



Балаулетова П.

Құрметті азаматтар, ақпаратты қадағалаңыз!

Республикалық қоғамдық-саяси гезітет

ЖЕМҚОРЛЫККА ЖОЛ ЖОҚ!

ПАРА БЕРСЕҢ, ЖАЗАЛАНАСЫҢ

ПАРА БЕРУ ҮЕ ЖЫЛДА
ДЕЙІНГІ МЕРЗІМГЕ
БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУА
ЖАЗАЛАНАДЫ

Пара келесі түрде берілуі мүмкін:

• Ақша	• Әкімшілік жәрдемілер
• Тауар (нәрселер)	• Саяси партия тарапы
• Билеттер, құпиялар	• Жиналу және құрылым мүшеліктері
• Тұрғын үй	• Емалу
• Мекенді	
• Автомобильдер	

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАҒАПЕРСІДІГІМЕН КЕЛЕСІ
ТҮРГЕЛЕР БОСАТЫЛАДЫ

- Пара беру туралы өзара келісім қабырғаға
- Қарысаты алу қабырғаға

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРНАҒА



**Сыбайлас
жөмқорлықтан
ҚАЛАЙ
ҚОРҒАНУҒА
БОЛАДЫ** ?

1. Пара бермеу және алмау.
2. Мақсаты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншілігіңмен жетуге тырыс.
3. Парақорлықты көрсеніз жергілікті органдарға және ақпарат көздеріне хабар беріңіздер

Жемқорлыққа

ЖОЛ ЖОҚ!

